



АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
«UIB» КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖ» ЖШС



**Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-
рейтингтік әріптік жүйесін қолдану және теориялық, өндірістік оқыту
журналын жүргізу
БОЙЫНША ЕРЕЖЕЛЕР**

1 Жалпы талаптар

1.1 Оқу сабақтары журналы (бұдан әрі-журнал) оқу тобының оқу қызметін есепке алудың негізгі құжаты болып табылады.

1.2 Осы ереже ТЖКБ жүйесінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесін қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» және ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» заңдарға сәйкес әзірленді.

1.3 Журналдағы әрбір пәнге және (немесе) модульге бекітілген оқу жоспарында айқындалған уақыт көлеміне байланысты қажетті беттер саны бөлінеді.

1.4 Топ жетекшісі семестр басталар алдында журналды рәсімдейді:

- «Мазмұн», «Білім алушылар туралы мәліметтер» беттерін;
- алфавиттік тәртіппен оқушылардың тізімдерін (тегі мен аты) ;
- журналдың әр бетінде сол жақта кіші әріппен оқу пәнінің/модульдің атауы, оң жақта-оқытушының аты-жөнін;
- журналдың соңында «Білім алушыларды медициналық тексеру нәтижелері» бетінде оқушылардың тегі мен аты-жөнін;
- «Оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы» бетінде білім алушылардың тегі, аты-жөні және оқу пәндерінің атауларын толтырады.

1.5 Журналды ұқыпты, уақтылы (оқу сабақтары өткізілетін күні), түзетусіз толтыру керек.

1.6 Ағымдағы белгілер оқу сабағы өткізілетін күні қойылады.

1.7 Оқу уақытында журнал оқытушыда болады (кестеге сәйкес), сабақтан кейін журнал оқу бөліміне тапсырылуы керек. Журналды оқытушының жұмыс орнында немесе оларды сақтау үшін көзделмеген басқа жерлерде қалдыруға тыйым салынады.

1.8 Білім беру мекемесінің басшысы, оның оқу-ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушісі оқытушылардың журнал жүргізуін жүйелі түрде бақылауды жүзеге асырады және журналдың соңында арнайы бөлінген бетте тиісті жазбалар жасайды.

1.9 Оқытушы сабаққа қатысуды бақылауды, білім алушылардың білімін бағалауды жүзеге асырады, оқу сабақтарының мазмұнын және үй тапсырмасын жазады. Журналдағы жазбаларды көк сиямен жүргізу керек, түзету үшін гель қаламдары мен штрихтарды қолдануға тыйым салынады.

1.10 Білім алушылардың қатысуын тексеру сабақтың басында жүргізіледі. Сабақта жоқ студенттерді оқытушы «ж» әрпімен белгілейді.

1.11 Білім алушылардың білімін бағалау балдық-рейтингтік бағалау жүйесі бойынша жүзеге асырылады. Журналда нүктелерді, қосу, алу немесе басқа белгілерді белгілеуге тыйым салынады.

1.12 Білім алушылардың тегі тізіміне толықтыру және олардың шығуы туралы белгі білім беру мекемесі бойынша бұйрыққа сәйкес оқу бөлімімен жүзеге асырылады.

1.13 Шартты белгілер:

- «ОН» – оқыту нәтижесі;
- «Ө» – өтеу;
- «ҚТ» – қайта тапсыру;
- «Е» – емтихан;
- «Р» –рейтинг;
- «ЖР» – жалпы рейтинг;
- «Қ» – қорытынды.

2 Журнал беттерін толтыру тәртібі. Журналдың сол жақ бетін рәсімдеу

2.1. Оқытушы журналдың оқу пәніне бөлінген бетінде тиісті бағанда оқу сабағын өткізу күнін араб цифрларымен жазады, қатыспағандарды белгілейді, білім алушылардың оқу қызметінің нәтижелері бойынша белгілер қояды (1 кесте). Қойылған белгілерді түзетуге жол берілмейді.

1 кесте - Журналдың сол жақ бетін рәсімдеу үлгісі

№ 5.3 нысан. Сабаққа қатысуды және білім алушылардың үлгерімін есепке алу

Модульдің индексі / Индекс модуля _____														
Пән және (немесе) модуль атауы Қазақстан тарихы														
Пәннің және (немесе) модульдің атауы _____														
№ р/с	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Фамилия, имя, отчество № п/п (при его наличии) обучающегося	Айы, күні Месяц, число												
		12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12
		13	14	15	17	19	20	21	22	23	24			
1	Адылқанова С.	85	ж	80	70	75	80	88	89	83	85			
2	Баймолдин А.	80	80	82	73	70	84	86	80	85	80			
3	Бақтыбаева А.	90	75	80	70	75	85	89	85	85	85			
4	Есеева А.	90	75	75	71	ж	ж	ж	75	75	70			
5	Жанабай Д.	75	75	70	73	85	75	80	75	70	70			

Оқу нәтижесі (семестр) өтеуді есепке алмай шығарылады (2,3,4-кесте), яғни $ОН(семестр) = (85 + 73 + 81 + N) / \text{сабақтар саны}$.

Сабақты белгілі бір себептермен өткізіп алған студентке бөлім меңгерушісі өтеуге жолдама қағазын береді (1 қосымша), осыдан кейін ғана оқытушы пәннің өткізіп алған тақырыптары бойынша кешенді тапсырма береді, студент барлық жұмысын тапсырғанан кейін баға өтеу парағына және журналдағы өтеу бағанына қойылады. Осыдан кейін өтеуді ескере отырып, рейтинг шығарылады (2,3,4-кесте). Егер студент сабақты себепсіз босатса, өтеуге жол берілмейді, бұл күн нөл балл болып саналады, сәйкесінше студенттің бағасы төмен болады. Оқыту мен рейтингтің нәтижесін шығару кезінде зертханалық жұмыстардың бағаларын ескеру қажет.

2 кесте - Семестрге арналған белгіні рәсімдеу үлгісі (кредиттік-модульдік)

№ 5.3 нысан. Сабаққа қатысуды және білім алушылардың үлгерімін есепке алу

Модульдің индексі / Индекс модуля _____														
Пән және (немесе) модуль атауы КМ1. ОН 1.1. Заманауи автоматтандырылған технологияларды пайдалана отырып құжаттаманы жүргізу және құжат айналымын қамтамасыз ету														
Пәннің және (немесе) модульдің атауы _____														
№ р/с	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Фамилия, имя, отчество № п/п (при его наличии) обучающегося	Айы, күні Месяц, число												
		12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	ОН1	Ө
		13	14	15	17	19	20	21	22	23	24			
1	Абликимова И.	85	80	80	80	84	82	80	85	80	85	82		82
2	Алимжан А.	80		85					80			25		
3	Атаева М.	75	75	70	ж	ж	ж	70	75	70	75	51	75	63
4	Голованова А.	80		85	80	80	85	ж	85	85	85	67	65	66

№ 5.3 нысан. Сабаққа қатысуды және білім алушылардың үлгерімін есепке алу

Модульдің индексі / Индекс модуля _____		Пән және (немесе) модуль атауы Қазақстан тарихы															
Пәннің және (немесе) модульдің атауы _____																	
№ р/с	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Айы, күні												Т семестр	Ө	Р	
		Месяц, число															
№ п/п	Фамилия, имя, отчество (при его наличии) обучающегося	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12
1	Адылқанова С.	85	ж	80	70	75	80	88	89	83	85	74	75	75			
2	Баймолдин А.	80	80	82	73	70	84	86	80	85	80	80		80			
3	Бактыбаева А.	90	75	80	70	75	85	89	85	85	85	82		82			
4	Есеева А.	90	75	75	71	ж	ж	ж	75	75	70	53	75	64			
5	Жанабай Д.	75	75	70	73	85	75	80	75	70	70	75		75			

№ 5.3 нысан. Сабаққа қатысуды және білім алушылардың үлгерімін есепке алу

Модульдің индексі / Индекс модуля _____		Пән және (немесе) модуль атауы КМ1. ОН 1.1. Заманауи автоматтандырылған технологияларды пайдалана отырып құжаттаманы жүргізу және құжат айналымын қамтамасыз ету															
Пәннің және (немесе) модульдің атауы _____																	
№ р/с	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Айы, күні												ОН2	Ө	Р	ЖР
		Месяц, число															
№ п/п	Фамилия, имя, отчество (при его наличии) обучающегося	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	
1.	Абликимова И.	85	80	80	80	84	82	80	85	80	85	82		82			
2.	Алимжан А.	80		85					80			25					
3.	Атаева М.	75	75	70	ж	ж	ж	70	75	70	75	51	75	63			
4.	Голованова А.	80		85	80	80	85	ж	85	85	85	67	65	66			

Ескерту: базалық модульде жалпы рейтинг соңғы оқу нәтижесі бетінде модульдің барлық оқу нәтижелері аяқталғаннан кейін шығарылады.

Модуль бойынша емтихан кәсіптік модуль аяқталғаннан кейін ғана өткізіледі. Егер КМ бір семестрден артық игерілсе, емтихан оны игерудің соңғы семестрінде ұйымдастырылады.

Модуль бойынша қорытынды баға төмендегі формула бойынша есептелінеді:

$Қ = 0,6 \times (ЖР) + 0,4 \times Е$, мұнда:

ЖР – жалпы рейтинг;

Жалпы рейтинг келесі жолмен шығарылады $ЖР = (ОН1 + ОН2 + ОН3 + N) /$ оқу нәтижелерінің саны;

Е – емтихан бағасы.

Ескерту: егер КМ бойынша оқу тәжірибесі көзделсе, онда жалпы рейтингті шығару кезінде тәжірибе бойынша шығарылған рейтингті қосу керек.

5 кесте - Оқу пәні бойынша емтиханды ресімдеу үлгісі (кредиттік-модульдік)

№ 5.3 нысан. Сабаққа қатысуды және білім алушылардың үлгерімін есепке алу

Модульдің индексі / Индекс модуля _____		Пән және (немесе) модуль атауы ПМ1. РО 1.1. Заманауи автоматтандырылған технологияларды пайдалана отырып құжаттаманы жүргізу және құжат айналымын қамтамасыз ету																			
Пәннің және (немесе) модульдің атауы _____		Пәннің және (немесе) модульдің атауы _____																			
№ р/с	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Фамилия, имя, отчество (при его наличии) обучающегося	Айы, күні Месяц, число														ОНЗ	Ө	Р	ЖР	Емтихан	Қорытынды
		12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12						
№ п/п		13	14	15	17	19	20	21	22	23	24										
1	Абликимова И.	85	80	80	80	84	82	80	85	80	85	82		82							
2	Алимжан А.	80		85					80			25									
3	Атаева М.	75	75	70	ж	ж	ж	70	75	70	75	51	75	63							
4	Голованова А.	80		85	80	80	85	ж	85	85	85	67	65	66							

Оқытушы олимпиадаларға белсенді қатысқаны, баяндамалар мен мақалалар дайындағаны және т.б. үшін көтермелеу ұпайларын, сондай-ақ семестр бойы сабақта белсенді жұмыс істегені үшін + 10% пайдалана отырып, білім алушылардың рейтингін арттыра алады.

6 кесте - Оқу пәні бойынша емтиханды ресімдеу үлгісі (ЖБП)

№ 5.3 нысан. Сабаққа қатысуды және білім алушылардың үлгерімін есепке алу

Модульдің индексі / Индекс модуля _____		Пән және (немесе) модуль атауы Қазақстан тарихы																		
Пәннің және (немесе) модульдің атауы _____		Пәннің және (немесе) модульдің атауы _____																		
№ р/с	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Фамилия, имя, отчество (при его наличии) обучающегося	Айы, күні Месяц, число														I семестр	Ө	Р	Емтихан	Қорытынды
		12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12	12						
№ п/п		13	14	15	17	19	20	21	22	23	24									
1	Адылқасова С.	85	ж	80	70	75	80	88	89	83	85	74	75	75						
2	Баймолдин А.	80	80	82	73	70	84	86	80	85	80	80		80						
3	Бақтыбаева А.	90	75	80	70	75	85	89	85	85	85	82		82						
4	Есеева А.	90	75	75	71	ж	ж	ж	75	75	70	53	75	64						
5	Жанабай Д.	75	75	70	73	85	75	80	75	70	70	75		75						

2.2 Журналдың оң бетін рәсімдеу

Журналдың оң бетінде ОЖБ сәйкес оқу сабағының тақырыбы және үй тапсырмасы жазылады. Бір оқу сабағын жазуға (2 оқу сағаты) екі жол беріледі. Қажет болған жағдайда сөздерді қысқарта отырып жазуға болады.

7 кесте - Журналдың сол жақ бетінің рәсімдеу үлгісі

Оқытушылардың тегі, аты, әкесінің аты(бар болған жағдайда) Фамилия, имя, отчество преподавателя(при его наличии)				
Сабақ өткізу күні Дата проведения занятия	Оқу сағатының саны Количество учебных часов	Сабақтың тақырыбы Тема занятия	Үйге не тапсырылды Что задано	Оқытушының қолы Подпись преподавателя
22.09.23	2	«Ұлы Дала» ұғымының тарихи-географиялық сипаттамасы	27-30 беттер, оқу күрделі	
		және дала өркениетінің қалыптасуының ерекшеліктері	тапсырмаларды орындау	оқытушы қолы

25.09.23	2	Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті	41-46 беттер оқу ізденімдік жұмыс	оқытушы қолы
----------	---	---	--------------------------------------	--------------

2.3 Тәжірибелік, зертханалық жұмыстарды ресімдеу

Зертханалық, тәжірибелік жұмыстардың орындалуын есепке алу оқу сабақтары журналының арнайы бөлінген беттерінде жүзеге асырылады. Арнайы бөлінген беттердің оң жағында зертханалық жұмыстың нөмірі жазылады, оның ОЖБ сәйкес тақырыбы, білім алушылардың тапсырманы берген және орындаған күні көрсетіледі.

Зертханалық жұмыстарды өтеу, сабақты белгілі бір себептермен өткізіп алған студентке бөлім меңгерушісі өтеуге жолдама қағазын береді (1 қосымша), студент барлық зертханалық жұмыстарды өтейді, барлық жұмысын тапсырғанан кейін баға өтеу парағына және журналдағы өтеу бағанына қойылады. Зертханалық жұмыстардың есебін және рейтингтің нәтижесін шығару кезінде бұл бағалар ескеріледі. Егер студент сабаққа себепсіз қатыспаса, өтеуге жол берілмейді, бұл күн нөл балл болып саналады, сәйкесінше студенттің бағасы төмен болады. Барлық өтеуге арналған жолдамалар журналда сақталуы тиіс.

8 кесте - Зертханалық жұмыстарды ресімдеу үлгісі

№ 5.3 нысан. Сабаққа қатысуды және білім алушылардың үлгерімін есепке алу

Модульдің индексі / Индекс модуля _____																	
Пән және (немесе) модуль атауы КМ1. ОН 1.2. Алғашқы бухгалтерлік құжаттарды өндеу.																	
Пәннің және (немесе) модульдің атауы _____																	
№ р/с	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Фамилия, имя, отчество (при его наличии) обучающегося	Айы, күні Месяц, число										сынақ	Ө	Р			
		12	12	12	12	12	12	12	12	12	12						12
№ п/п		13	14	15	17	19	20	21	22	23	24						
1	Абдуразаков Б.	85	73	85	96	63	85	95	ж	ж	ж						
2	Абилькадыр Ш.	59	63	67	71	63	85	95	88	89	90						
3	Даулетбаев С.	ж	ж	67	85	89	ж	ж	ж	85	87						

2.4 Курстық жұмыстарды (жобаларды) ресімдеу

ОЖБ қарастырылған курстық жобалауды оқытушы осы жұмыс түріне бөлінген оқу сағаттарында жүргізеді. Курстық жобалау журналдың негізгі бөлігінде жасалады. Сабақтардың қысқаша мазмұны ОЖБ сәйкес жазылады.

2.5 Оқу тәжірибесінің журналын ресімдеу

9 кесте - Оқу тәжірибесін ресімдеу үлгісі

№ 6.2 нысан ӨНДІРІСТІК ОҚЫТУДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ

Модульдің индексі / Индекс модуля _____																	
Пән және (немесе) модуль атауы КМ 01. Кәсіпорын капиталының есебі																	
Наименование производственного обучения и (или) профессиональной практики _____																	
№ р/с	Білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Фамилия, имя, отчество (при его наличии) обучающегося	Айы, күні Месяц, число										сынақ	Ө	Р			
		12	12	12	12	12	12	12	12	12	12						12
№ п/п		13	14	15	17	19	20	21	22	23	24						
1	Абдуразаков Б.	85	73	85	96	63	85	95	ж	ж	ж	58	85	83			
2	Абилькадыр Ш.	59	63	67	71	63	85	95	88	89	90	77		77			
3	Даулетбаев С.	ж	ж	67	85	89	ж	ж	ж	85	87	41	85	62			

Оқу тәжірибесі бойынша өтеу жоғарыда көрсетілгендей жүзеге асырылады, студент барлық зертханалық жұмыстарды өтейді. Бағалар өтеу парағына қойылады және бұл бағалар рейтингті шығару кезінде ескеріледі.

3 Қайта тапсыру

«Қанағаттанарлықсыз» (сынақтан өткен жоқ) деген баға алған жағдайда емтиханды қайта тапсыруға бір пән және (немесе) модуль бойынша бір реттен артық рұқсат етілмейді.

Емтиханды (сынақты) қайта тапсыруға пәнді жүргізетін оқытушыға, модуль шеңберінде оқытушыларға белгіленген мерзімде бөлім меңгерушісі жазбаша түрде рұқсат берген жағдайда жіберіледі (немесе сабақ беретін оқытушы болмаған жағдайда, осы пәннің (модульдің) бейініне сәйкес біліктілігі бар басқа оқытушыға тапсыруға болады) (қосымша 2).

Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша 2-ден аспайтын «қанағаттанарлық» бағасы бар білім алушылар үшін бөлім меңгерушісінің (директор орынбасарының) жолдамасы бойынша бағаны неғұрлым жоғары деңгейге қайта тапсыруға рұқсат етіледі.

4 Жауаптылар

4.1. Журнал жүргізу жөніндегі талаптарды орындамау және бұзу, оқытушыға немесе оның жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыруға жауапты адамға тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болып табылады.

4.2. Журналдың жүргізілуін бақылауды жүзеге асыруға жауапты оқытушы немесе тұлға ескерту алған соң, онымен танысқаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде жою қажет.

«UIB КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ»

ӨТКІЗІЛГЕН САБАҚТАРДЫ ӨТЕУГЕ ЖОЛДАМА № _____

1 - 23 А топ студенті _____

Мамандығы: 10130100 – «Қонақ үй бизнесі»

Біліктілігі: 4S10130104 – «Супервайзер»

Негіздеме: 037/У Анықтама № _____

№	Пән атауы	Өткізіп алған күндер	Баға	Оқытушының аты-жөні	Оқытушының қолы

Бөлім меңгерушісі _____ Н.Маханова

«_____» «_____» 2024 ЖЫЛ

«УІВ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ»

»ҚАЙТА ТАПСЫРУҒА ЖОЛДАМА №

_____ берілді
_____ курс, _____ топ
Студенті

Мамандығы _____

Біліктілігі _____

Пән / _____
Модуль

Қайта тапсыру мерзімі «___» _____ 2024 жыл - «___» _____ 2024
жыл

Қайта тапсыру күні «___» _____ 2024 жыл.

Оқытушы _____

Негіздеме: ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Заңы.

Бөлім меңгерушісі _____ Н.Маханова
(Қолы)

КЕЛІСІЛДІ

Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары _____ Исмагамбетова М.Т.
(Қолы)

Қайта тапсыру қорытындысы бойынша _____ баға алды
Оқытушы

(Оқытушының қолы және аты-жөні)